

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
15.04.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 15.04.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов мырзаға беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы енгізіліп отыр.

Келісімге 2019 жылы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары қол қойды.

Келісімнің негізгі мақсаттары тауарлар айналымына тиімді бақылауды қамтамасыз ету, заңсыз айналымды анықтау, салық төлеуден жалтару жағдайларын жою, бюджетке түсетін салық және кеден төлемдерін ұлғайту болып табылады.

Келісімнің ережелері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалау тетігін құру мерзімдері мен тәртібін регламенттейді.

Қадағалау импорттық тауарлар бойынша жүзеге асырылатын болады. Қадағалауға жататын тауарлардың тізбесін Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесі бекітеді. Қадағалау мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір мемлекет өзінің ұлттық қадағалау жүйесін құруы қажет және сондай-ақ өздерінің салық төлеушілердің ілесіп құжаттарының осы жүйеде ресімделуін бақылауды қамтамасыз етуі тиіс. Құжаттарды мұндай ресімдеусіз Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлардың тасымалдануына тыйым салынатын болады.

Келісімде Кеден одағына мүше мемлекеттер арасында қадағалау жөніндегі ақпарат алмасу бойынша талаптар айқындалған. Мұндай алмасу

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық платформасы арқылы тұрақты түрде жүзеге асырылатын болады.

Құрметті депутаттар, тауарлар айналымын қадағалау тетігін енгізу 2025 жылға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру үшін негізін қалаушы міндет болып табылады және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Келісімді ратификациялаудан кейін 12 ай өткен соң барлық мүше мемлекеттер пилоттық жобаны іске қосады.

Пилоттық жобаның қорытындылары бойынша қадағалау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуіне көшу туралы шешім қабылданатын болады.

Келісімді іске асыру республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді.

Сіздерден осы келісімді ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңыз үшін рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлихан Асханұлы.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Айсина Майра Арапқызына беріледі.

АЙСИНА М.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі таңда Қазақстанда және Еуразиялық экономикалық одақтың бірқатар елдерінде, мысалы, тауарларды таңбалау сияқты жекелеген тауарлардың қозғалысын бақылау жүйесі жұмыс істейді.

Бүгінгі күні Қазақстанда темекі бұйымдары мен алкоголь өнімін таңбалау бойынша пилоттық жобалар іске асырылуда. 2018 жылдан бастап тері бұйымдарын таңбалау тұрақты негізіне көшірілді. Осы заң жобасының төңірегінде сұрақтар туындайды.

Бірінші. Тауарларды ұлттық қадағалап отыру жүйесінің және тауарларды таңбалау жүйесінің айырмашылығы неде? Келешекте бұл екі жүйе бір-бірін қайталамай ма?

Екінші. Бұл жүйені енгізу бизнеске ауыртпалық түсірмей ме? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бұл екі жүйе әртүрлі, мақсаттары да әртүрлі. Таңбалау жүйесі тауарларды физикалық түрде қадағалау жүйесі болып табылады. Ол тауарларға арнайы белгі QR-кодты қою арқылы жүзеге асырылады. Оның мақсаты – тұтынушының мүддесін қорғау, тауардың сапасын, заңдылығын және қауіпсіздігін растау. Ұлттық қадағалау – тауар айналымының құжат түріндегі қадағалау жүйесі. Мысалы, тауар импортталған кезде декларациядан сол қадағалау жүйесіне тауар туралы мәлімет енгізіледі. Және ол тауар жылжыған кезде, сатылған кезде, тұтынуға берілген кезде немесе экспортталған кезде бір-біріне байланысты құжаттар ресімделеді. Әрбір келесі операцияның құжаты алдыңғы операцияның құжатына байланысты болады. Осылайша, ұлттық қадағалау жүйесі тауардың айналымын толығымен толассыз мониторинг жүргізуге және барлық салықтарды толығымен төлеуді

камтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұлар екі түрлі жүйе, бірақ бір-бірін толықтырады.

Бизнеске түсетін ауыртпалық бойынша айта кетейін. Физикалық таңбалаудан гөрі ұлттық қадағалау жүйесі үлкен шығындарға әкеп соқтырмайды. Неге десеніздер, Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің барлық қызметтері толығымен тегін. Бірақ салық төлеуші осы ақпараттық жүйеде жұмыс жасау үшін үйренуі керек немесе бухгалтерді жалдауы керек. Дегенмен осындай жүйеде жұмыс жасау бизнеске бірқатар табыс береді және өзін-өзі ақтайды. Мысалы, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге тауарларды сатқан кезде ілеспе құжаттарды ресімдеудің және қағаз түрінде құжаттарды басып шығарудың, оны контрагентке жіберудің қажеттілігі жоқ. Құжаттарды сақтау үшін архивті ұстаудың да қажеттілігі жоқ. Және бұл жүйенің басқа да тиімділігі бар.

Енді бизнеске қолайлы болу үшін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің мобильдік нұсқасын жасап жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ол жұмыс, әрине, керек. Бірақ ең маңызды мәселе – бизнеске ауыртпалық жүктемеу, әсіресе қазіргі жағдайда. Әлихан Асханұлы, дұрыс айтып отырсыз. Жалпы, біз оны қабылдағаннан кейін Еуразиялық экономикалық одақтың ішінде жұмыс жасайды. Шағын және орта бизнестің осы бір айдағы жағдайын Сіз жақсы білесіз. Сондықтан осы мәселені енгізгенде ең басты мәселе бизнеске ауыртпалық жүктемеу болып табылады. Соны қарауымыз керек.

Сөз депутат Рау Альберт Павловичқа беріледі.

РАУ А.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! Согласно пояснительной записке к законопроекту казахстанская национальная система прослеживаемости будет базироваться на информационной системе «Электронные счета-фактуры», которая действует у нас с 2014 года.

Согласно статье 1 рассматриваемого соглашения национальная система прослеживаемости должна обеспечить бесперебойные сбор, учет и хранение сведений о товарах, подлежащих прослеживаемости, и операциях, связанных с оборотом таких товаров. Эти сведения должны храниться в системе не менее пяти лет. То есть нагрузка на действующую систему «Электронные счета-фактуры», безусловно, увеличится.

При том, что мы ежегодно выделяем в республиканском бюджете на администрирование системы Комитета государственных доходов порядка 3 миллиардов, в период, когда у нас идет массовая сдача деклараций, как правило, происходит сбой. То есть мы проводим финансирование, а улучшения пока не видим.

В связи с этим возникает вопрос: насколько технически система будет готова, чтобы опять же для бизнеса не возникло проблем при всех этих процедурах? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос, Альберт Павлович.

Развитие системы «Электронные счета-фактуры» мы осуществляем совместно со Всемирным Банком. В рамках проекта по совершенствованию налогового администрирования, была проведена большая работа. С начала прошлого года, как вы знаете, была введена обязанность для всех плательщиков НДС – выписывания счетов-фактур в электронной форме. С тех пор у нас количество выписываемых в электронном формате счетов-фактур увеличилось в десять раз – до 193 миллионов (по прошлому году). Ежедневно обрабатывается порядка 1,2 миллиона документов в этой системе.

Действительно, по налоговой отчетности ранее такие проблемы имели место. В настоящее время эту проблему мы решили. Налоговая отчетность сдается в отдельной информационной системе «СОНО» (система обработки налоговой отчетности).

Мы весь прошлый год инвентаризировали нашу информационную систему «Электронные счета-фактуры», усовершенствовали программное обеспечение. В настоящее время справляется система со 100 тысячами одновременных пользователей, которые могут работать в нашей системе.

Мы усилили наши серверные мощности. Поэтому думаю, что такой проблемы не должно быть. Продолжаем работу над совершенствованием. Внедрили новые информационные технологии, которые позволяют распределять нагрузку и хранить большие массивы информации, чтобы система была устойчивой и быстро обрабатывалась информация. Поэтому бесперебойной работе нашей информационной системы мы уделяем важнейшее значение, внимание и будем дальше над этим работать.

ТӨРАҒА. Можно сказать, что система «Электронные счета-фактуры» работает стабильно?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Да.

ТӨРАҒА. Вопрос стоял по интеграции этих электронных систем. Надо откровенно сказать, Казахстан здесь хорошо смотрится. Конечно, с учетом того, что наработан хороший, большой опыт с Российской Федерацией. Мы сейчас интегрированы там, но если взять все страны, входящие в ЕАЭС, то у нас все-таки этот вопрос продвинут. Я думаю, что мы сможем добиться того требования, о котором говорил депутат Рау, что мы должны обеспечить бесперебойную работу в интеграции с информационной системой ЕАЭС.

Главный вопрос, который всегда возникает, – это период сдачи отчетности налогоплательщиками. Там, наверное, у вас идет большой вал в этот момент. Здесь у нас перебоев не будет?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Перебоев не должно быть. Мы эту проблему устранили. Мы вывели в отдельную информационную систему «СОНО», увеличили наши серверные мощности. В настоящее время используется от 10 до 15 процентов мощностей. У нас задел большой на сегодня.

ТӨРАҒА. Резерв есть.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. При нехватке серверных мощностей по каким-либо причинам мы всегда имеем возможность со стороны Министерства цифрового

развития, инноваций и аэрокосмической промышленности получить дополнительную поддержку по серверным мощностям.

ТӨРАҒА. Спасибо, понятно.

Сөз депутат Казанцев Павел Олеговичке беріледі.

КАЗАНЦЕВ П.О. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! В соответствии с нормами статьи 6 соглашения законодательством государств-членов могут определяться порядок и сроки прекращения прослеживаемости товаров до истечения срока в 5 лет, в том числе если товары, подлежащие прослеживаемости, исключены из перечня, утверждаемого комиссией.

Скажите, пожалуйста, каким законодательным актом вы планируете установить порядок и сроки прекращения прослеживаемости товаров на нашей территории, а также в каких случаях и по каким критериям товары могут быть исключены из перечня? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо.

С момента, когда товар поступает в перечень товаров, которые должны прослеживаться, мониторинг за его оборотом осуществляется в течение пяти лет. Этот перечень формируется решением ЕЭК. Если Евразийская экономическая комиссия решит какие-либо товары исключить из перечня, то сразу же прекращается прослеживаемость в Евразийском экономическом союзе, то есть передача сведений между союзными государствами прекращается.

Государства – члены ЕвразЭС в своих национальных законодательных актах могут предусмотреть досрочный выход из системы прослеживаемости в отдельных случаях. Это все случаи, которые связаны с выходом товара из оборота, когда товар реализуется в розницу, вывозится за пределы Евразийского экономического союза, используется в производстве, перерабатывается полностью и в этой связи списывается, утилизируется либо уничтожается. Другие случаи могут быть прописаны в законодательных актах. Весь документооборот, который регулирует информационную систему «Электронные счета-фактуры», систему прослеживаемости, осуществляется у нас на подзаконном уровне, в подзаконных актах, которые вытекают из Налогового кодекса (приказы Министерства финансов). Поэтому все случаи, сроки и порядок выхода из перечня прослеживаемости будут регламентированы приказом Министерства финансов.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Менің сұрағым да келісімнің 6-бабына қатысты.

Заң жобасына сәйкес тауарларды қадағалап отыру олар бойынша мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізілген күннен бастап бес жыл өткеннен соң тоқтатылады. Бұл мәліметтер жүйеге кәсіпкерлер

электрондық түрде толтыратын тауарларға арналған декларациялардан және ілеспе құжаттардан енгізіледі.

Айтыңызшы, мәліметтерді бес жыл бойы сақтау кімнің міндетіне кіреді – уәкілетті органның ба немесе кәсіпкерлердің бе?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Келісімнің 13-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері ұлттық қадағалау жүйесін құру мен оның жұмыс істеуі бойынша екі уәкілетті органды анықтауы қажет. Біріншіден, жалпы үйлестіру жұмыстарын жүргізетін мемлекеттік органды анықтауы керек, екіншіден, ұлттық қадағалау жүйесінің шеңберіндегі мәліметтерді жинау, сақтау, өңдеу, жіберу бойынша мемлекеттік органды немесе арнайы ұйымды анықтауы керек. Осылайша, бес жыл бойы жаңа мәліметтерді сақтау міндеті кәсіпкерлерде емес, уәкілетті органда болады. Қазақстанда ұйымдастыру жұмыстарының барлығын Қаржы министрлігі жүргізеді, ал Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі, «АСТАНА-1» және «Виртуальді қойма» ақпараттық жүйелері ұлттық қадағалау жүйесіне кіретін ақпараттық жүйелер. Олар Мемлекеттік кірістер комитетінің міндетіне жатады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Әлихан Асханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Министр өз баяндамасында осы заң жобасының негізгі және маңызды тұстарын айтып берді. Енді оларды қайталамай, заң жобасы бойынша Парламент Мәжілісінде атқарылған жұмысқа тоқталып өтейін.

Осы заң жобасы бойынша жұмыс тобының отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өтті. Бұл отырыстарға депутаттар, мүдделі мемлекеттік органдардың және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

Жұмыс тобында тауарларды қадағалап отыру тетігін енгізуге байланысты бизнеске түсетін жүктеме қызу талқыланды. Осы мәселе жөнінде әріптестеріме хабарлағым келеді.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қадағалап отыру жүйесін енгізу бизнеске қосымша жүктемеге әкелмейді деп атап өтті. Өйткені қазірдің өзінде кәсіпкерлер Одақтың кедендік аумағына тауарлар әкелген кезде «Электрондық шот-фактуралар» жүйесі арқылы тауарлар декларациясын ресімдейді. Бұл жүйе келісімді іске асыру шеңберінде ұлттық қадағалап отыру жүйесі болады. Осылайша, бұл келісімді ратификациялау бизнеске жүктеме түсірмейді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасына оң қорытындыларын берді.

Осыларды ескеріп, Қаржы және бюджет комитеті бұл заң жобасын мақұлдауды ұсынады.

Комитеттің қорытындысы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын.
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Аманжан Мәкәрімұлы.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Смағұлов Асылбек Айжарықұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ А.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одақ табысты дамып келеді және бірқатар елдер оған белсенді қызығушылық танытып отыр. Біздің еліміз экономикалық интеграция идеясын әрдайым жақтап, қолдап келе жатқаны белгілі.

Бүгінгі келісімнің негізгі мақсаты – осы одақтың аумағында тауарларды қадағалап отыру механизмін құру және оны тиімді түрде іске асыру болып табылады. Сондықтан мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Бір атап өтетін мәселе. Бұл келісім жеке, отбасылық мақсатта, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес басқа мақсатта жеке тұлғалар әкелетін, сатып алатын, беретін немесе иеліктен шығаратын тауарларға қолданылмайды. Оның талаптары қадағалап отыруға жататын тауарлармен операциялар жасайтын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге қолданылады. Мұндай тауарлардың тізбесін Еуразиялық экономикалық комиссия бекітеді.

Келісімді әзірлеушілер қадағалап отыру механизмін кезең-кезеңімен енгізуді көздеп отыр. Мұндай тәсіл бізді қуантады.

Қаржы министрлігі аталған механизмді іске асыру бойынша үйлестіруші орган болып табылады.

Сонымен қатар Сауда және интеграция министрлігі ішкі нарықтағы бағаларды тұрақтандыру шараларын қабылдау мақсатында қажетті деректерді алып, олар бойынша талдау жүргізу үшін тауарларды қадағалап отыру механизмін пайдалануға тиіс.

Осы келісім күшіне енгеннен соң 12 айдан соң тауарларды қадағалап отыру механизмнің пилоттық жобасы іске қосылады. Осы уақыт ішінде біздің Үкімет бұған қажетті барлық шараны қабылдайды деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Асылбек Айжарықұлы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 80, «жақтағандар» – 80. Қаулы қабылданды.



*Дүрде: Құжаттамашымен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майғ Н.Майғынбаев.*